

**Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15170 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 164-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жіберуді, сондай-ақ осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне бұйрықтың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 5 мамыр

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2017 жылғы 26 сәуірдегі  
№ 175 бұйрығымен  
бекітілді

**Жергілікті атқарушы органдардың 2017-2019 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттері**

МЫҢ ТЕҢГЕ

р/с №	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің , оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиті					
		2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл	
		ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті	ЖАО МЖӘ ММ лимиті	Қабылдау лимиті
1	Ақмола облысы	31 512 583	23 454 815	33 093 221	25 035 453	33 902 690	25 844 922
2	Ақтөбе облысы	29 176 683	20 273 544	30 909 900	22 006 761	31 719 868	22 816 729
3	Алматы облысы	58 794 377	56 862 406	62 120 127	60 188 156	63 657 927	61 725 956
4	Атырау облысы	38 869 501	36 869 501	41 069 887	39 069 887	43 146 072	41 146 072
5	Шығыс Қазақстан облысы	49 552 770	41 492 209	51 510 819	43 450 258	52 362 420	44 301 859
6	Жамбыл облысы	38 512 126	35 512 126	40 540 699	37 540 699	41 575 602	38 575 602
7	Батыс Қазақстан облысы	22 640 792	21 004 985	23 815 984	22 180 177	24 445 572	22 809 765
8	Қарағанды облысы	43 803 732	42 915 883	47 549 243	46 661 394	48 206 671	47 318 822
9	Қызылорда облысы	34 335 372	28 112 375	35 845 858	29 622 861	36 402 390	30 179 393
10	Қостанай облысы	32 568 210	29 952 638	33 862 356	31 246 784	34 507 611	31 892 039

11	Маңғыстау облысы	26 768 639	24 144 681	28 337 738	25 713 780	30 043 530	27 419 572
12	Павлодар облысы	29 024 818	27 864 818	30 336 472	29 176 472	30 974 376	29 814 376
13	Солтүстік Қазақстан облысы	25 234 071	16 432 095	26 225 490	17 423 514	26 661 750	17 859 775
14	Оңтүстік Қазақстан облысы	95 273 907	93 623 907	100 738 321	99 088 321	103 521 865	101 871 865
15	Алматы қаласы	71 705 176	68 822 493	76 871 618	73 988 935	81 311 462	78 428 779
16	Астана қаласы	46 422 906	44 722 906	48 894 597	47 194 597	52 775 240	51 075 240
	<b>Жиыны:</b>	<b>674 195 663</b>	<b>612 061 383</b>	<b>711 722 330</b>	<b>649 588 049</b>	<b>735 215 047</b>	<b>673 080 766</b>

Ескертпе: аббервиатуралардың толық жазылуы:

МЖӘ ММ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК